

NEWS**OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES**

ISSN 2224-5294

Volume 3, Number 307 (2016), 263 – 267

UDC 821. 512. 122.09: 398

THE NARRATIVE FUNCTION IN POETICS OF FAIRY TALES**P.T. Auesbayeva**M.O. Auezov Institute of Literature and Art
ksarvarka@inbox.ru**Key words:** fairy-tale, poetics, narrations, genre, motif, hero

Abstract. This article reveals the verge of literary method of narration in the poetics of fairy tales on every kind of genre. The role of the narrative in the tales of folk prose genres also requires special consideration. Character when, where, how was he born, the nature of the narrative has a single value. Sometimes there is no opening part. Immediately after the first sentence tales begin with the events themselves. During the transition from direct entry to the main part of the narrative used the expressions such as "once", "in a flash", "once upon a time". Sometimes the narrator after a pause using another tone makes it clear that the main part of the story begins. And he also seems to be in the events of fairy tale shows the culmination of the events. When the narrator presents himself as a participant of the events he narrates in the first person and assumes the function of the character. Thus, he personally feels different aesthetic and psychological experiences.

DOI 821. 512. 122.09: 398

ЕРТЕГІ ПОЭТИКАСЫНДАҒЫ БАЯНДАУДЫҢ ҚЫЗМЕТІ**П.Т. Әуесбаева**

M.O. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты

Түйін сөздер: ертегі, поэтика, баяндау, жанр, кейіпкер.

Аннотация. Ұсынылыш отырган мақалада ертегі поэтикасындағы көркемдік-амал баяндаудың ертегінің әрбір жанрлық түріне байланысты айрым-жігі анылыштың көрсетіледі. Көркем фольклордың прозальц жанрларының ішіндегі ертегілердегі баяндаудың қызметі де арнайы қарастыруды қажет етеді. Кейіпкердің қашан, қайда, қалай дүниеге келгені жөніндегі әрекеттің басталуына дейінгі баяндау сипаттының өзі бір бөлек мағына иемденеді. Кейде кіріспе сөз болмайды. Ертегінің алғашқы сөйлемінен кейін-ақ оқиға басталып кетеді. Кіріспеден баяндаудың негізгі бөліміне бірден көшу «бір күн» «бір заматта» «құндердің күнінде» дейтін тіркестермен тұтасып кетеді. Кейде әңгімелі, ертекші, кідіріс, бөлек интонация арқылы баяндаудың негізгі бөлімі басталғандығын аңғартады. Ертегіде баяндалатын оқиғага ертекшінің қарым-қатынасына келсек, ол айтып отырган оқиғасын баяғы заманда болған оқиға етіп көрсетеді, яғни баяндаушы айтылып отырган әңгімелеге өзінің тікелей қарым-қатынасын көрсетпейді. Оның тыңдаушыны үйіпту мақсатындағы оқиға ішінегін тікелей араласып кеткен сияқты болып көрінің оқиғалық жағдайдаңын ушылқан сипаттың көрсетеді. Кейде ертекші өзін де оқиғага қатысты етіп көрсететін жағдайда баяндау бірінші жақтан гана берілпіп, әңгімелі өзінегін кейіпкердің функциясын жүктейді. Сөйтін түрлі эстетикалық, психологиялық толғанысты басынан кепшіреді.

Ертегі поэтикасындағы баяндаудың қызметі

Көркем фольклордың прозальц жанрларының ішіндегі ертегілердердегі баяндаудың қызметі де арнайы қарастыруды қажет етеді. Себебі, біріншіден, кейіпкердің қашан, қайда, қалай дүниеге келгені жөніндегі әрекеттің басталуына дейінгі баяндау сипаттының өзі бір бөлек мағына иемденеді. Екіншіден, кейде кіріспе сөз болмайды. Ертегінің алғашқы сөйлемінен кейін-ақ оқиға басталып кетеді. Кіріспеден баяндаудың негізгі бөліміне бірден көшу «бір күн» «бір заматта» «құндердің күнінде» дейтін тіркестермен тұтасып кетеді.

Кейде әңгімелі, ертекші кідіріс, бөлек интонация арқылы баяндаудың негізгі бөлімі басталғандығын аңғартады. Бірақ бүтінгі ертегілердің мәтінінен аузыша айту дәстүрін тікелей тыңдау арқылы емес, кітап арқылы танитындықтан, мұны аңғару оңай емес. Ертегіде баяндалатын оқиғага ертекшінің қарым-қатынасына келсек, ол айтып отырган оқиғасын баяғы заманда болған оқиға етіп көрсетеді, яғни баяндаушы айтылып отырган әңгімелеге өзінің тікелей қарым-қатынасын көрсетпейді. Оның тыңдаушыны үйіпту

мақсатындағы оқиға ішінде тікелей араласып кеткен сиякты болып көрінің оқиғалық жағдайдағы ушықкан сипатын көрсетеді.

Кейде ертекші өзіп де оқиғаға қатысты етіп көрсететіп жағдайда баяндау бірінші жақтан ғана беріліп, әңгімеші өзіп кейіпкердің функциясын жүктейді. Сөйтіп тұрлі эстетикалық, психологиялық толғанысты басынан кешіреді.

Мәселен, «Керкұла атты Кенебай» ертегісіне келсек, батырдың ата-анасы мен мекен-жайы, Кенебайдың дүниеге келуі, өсіп-ержету ерекшелігі, алғашқы ерлігі, батырлығы көнінен, ұзақ баяндалып барып, оқиға-эрекет басталады.

«Ерте-ерте ертеде, ешкі құйрығы келтеде, Қаратудың ойында, Қарасудың бойында Қазанқап деғен бір кедей болыпты. Қазанқап құс атып күн көрді екен, әйелі ау тоқып, жамау жамайды екен, осылай өз күндерін өздері көріп, жүре беріпті. Қундерде бір күн Қазанқаптың әйелі жүкті болыпты, ай-куні жақында, күн өткен сайын әйелдің аяғы ауырлай беріпті. Тоғыз ай, тоғыз күн болғанда, әйел толғатып, босаныпты. Торсық шеке, алпак ұл тауыпты. Ата-анасы куанып, төбелері көкке жетіпті, баласына Кенебай деп ат қойыпты. Кенебай ай сайын емес, күн сайын өсіпті, алты күнде құлпіті, алпыс күнде жүріпті, алты жылда жігіт болыпты. Соңдай құшті болыпты, алысқанын алып ұра беріпті, құрессенін жыға беріпті, шынырау құдыққа құлаган атанадарды жалғыз тартып шығара беріпті. Аң аулап, әкесіп жәрдемдесіпті, бара-бара құлан алыпты, құралайдың көзіпен тигізген мерғен болыпты, арқар мен киікті, құлан мен маралды мая-мая үйіп тастапты. Қарасудың бойындағы кара үйлі кедейлер қарқ болыпты да қалыпты. Қундерде бір күн Кенебай аң аулап жүрсе, Қаратудың ойында, терен құздың бойында арыстандай көкжал бөрі бір буаз биені жаңа ғана жарып, жегелі жатыр екен. Кенебай жүгіріп барып, көкжалды құйрығынан ұстап алып, бұлғап-бұлғап лақтырып кеп жіберіпті. Қасқыр арс етіп, аузын қисандатып, өліпті де қалыпты. Кенебай қасқырдың терісіп сойып алып, биенін қасына келсе, бие жанталасып, өлгелі жатыр екен. Кенебай алмас қанжарымен биенің қарнын жарып жіберіп, құлышын суырып алыпты. Арыстай ерекек құлышын екен. Кенебай құлышында үйіне алып қайтыпты, оны құланнан сутімен асырапты.

Құлышын сағат сайын емес, минут сайын өсіпті. Алты айдың ішінде алты кез ат болып шығыпты. Аттың түсі керкұла болыпты. Кенебай Керкұланы үйретіп міпіп, тұн қатып жүріп, аң аулапты. Керкұла қуса жетіп, қашса құтылатын, аузымен құс тістерен ерен жүйрік болыпты. Кенебай Керкұланы құстай ұшырып, алты қырдың ар жағынан қаша жөнелген құланды көзді ашып-жұмғанша қуып жетіп, құйрығынан ұстайтын болыпты.

Кенебай осылай аң аулап, ел аралап жүре беріпті. Ол мейліпше қайырымды болыпты, жылағанды жұбатыпты, жатсынуды сүймепті, табысына бүкіл ел ортақ болыпты. Керкұла атты Кенебай батыр атанып, әлемге аян болыпты.

Қундерде бір күн Кенебай аң аулап, алысқа ұзап кетіпті. Кетіп бара жатып, қозысын бағып жүрген бір балаға кездеседі. Бала еңіреп жылап жүр екен» [1].

Ал «Боз атты Боран батыр» ертегісінде оқиға бірден басталып, батырдың оған қатысы әңгімеленеді. «Ерте заманда жестырнак деғен жыртқыш шығып, адам баласына ауыр зиян салып, елді көктетпей қойыпты. Ешкім оған батып бара алмайды екен. Барған адамды жестырнақ жамсатып отырыпты. Бір күні Боран батыр боз атына міпіп, жестырнақтың мекеніне қарай жалғыз тартыпты. Оған жолдас болуға ешкім шықпапты. Батыр: «Ер азығы мен бөрі азығы жолда» – деп, азық алмай, жолаушылап жүріп кетеді екен. Боран батыр жестырнақ мекендейтін қалың жыныс орманға келіп, бір дәү арқарды атып алады да оның етіп, бауырын қоламтага көміп қойып, боз атты байлап тастап, от басында қамсыз отырады. Бір кезде жестырнақтың дыбысы шығады» [1, 105].

Сондай-ақ, «Жалғыз жігіт» ертегісінде негізгі кейіпкердің сапарға шығуына тұрткі болған жағдай ашып көрсетіліп, жеке басынан міндепті ел алдындағы парызымен ұштасқан күйде баяндалады. Ер намысы жалпы елдің намысы ретінде ұғынылады.

«Бұрынғыда Жалғыз жігіт деғен батыр болыпты. Оның әке-шешесіп соғыста қалмактар женіп өлтірғен екен. Жалғыз жігіт ержеткеннен кейін, әкесіп көгін алуға жанына бір жолдасын ертіп алып, қалмакқа кара жол тартып жөнелген. Сонымен келе жатып, көп қалың қалмактың әскеріне жолығып, сол жерде соғысып, есеп жетпес қалмакқа екеуі екі жағынан бастап тиіспіп, кешкі уақытта қосылып, келіп жатады. Екі күн етіп, үшінші күні Жалғыз жігіт өледі. Жанындағы жолдасы сол күні қалмакты жалғыз қырып бітіріп, жан-жағына қараса, Жалғыз жігіт өліп жатыр» [1, 266].

«Әлібек батыр» ертегісінде ата-ананың ел-жер көзін сапарынан басталады.

«Ертеде бір бай болған екен, төрт туліғі сай болған екен, бір перзентке зар болған екен. Сол бай, бейбішесімен екеуі құдайдан бала тілеуғе тоғыз нарга тоғыз тоганак жүк артып, тоғыз ту бие жетектеп, тоғыз жолдас ертіп, азық-тұлікті жинап алып, жолға шығады» [1, 252].

Сирек те болса батырлық ертегілерде ертекші батыр басынан кешкен оқиғаларды корыта келе тұжырымды мәттелмен аяқтайды. Мысалы: «Делдаштай батыры, ері тұрған бұл елға бұдан былай ешқандай жау тиісе алмайтын болыпты. Бұлар бейбіт, ракатты тұрмыс кешіріпті. Халық Делдашты «Ел үшін тұған – ер» деп атапты» [1, 178].

«Үш әйелдің әңгімесі» атты новеллалық ертеңіде баяндау оқиғаға қатысатын әрбір кеіпкердің атынан, басынан кешкен жағдай ретінде баяндалады.

Ертедегі адамдардың аңдарды қасиетті деп санап, оларды өздерімен туыстас деп сеніп, алгашиқ әңгіме, мақтау сөздерін соларды мейірлендіру үшін айттуынан пайда болған хайуанаттар жайындағы әңгімелер танымдық қызмет атқарып, таза практикалық мақсат көздеңген.

Көзімінде дамыған кезде қасиетті саналып, қадірленген нарселер, басқаша қабылданады да магиялық сипат енді аллегориялық сипат алады. Яғни жсануарлардың мінез-құлқындағы күлкілі жасақтарын ирониялық түрде суреттей отырып, адам бойындағы мінез сипаттары аллегорияланады. Оnda жсануарлар образы адамды тұспаладаң бейнелеу деп қабылданады. Содықтан да ондағы баяндау тілінде де өзгерістер орын алады..

Этиологиялық ертегілердің жсанрлық ерекшелігін көрсететін белгі – себепті-салдарлық баяндауға құрылыштың индагында. Ертекіши бұл сипаттағы ертегілерді айтқанда аллегориялық тәсілді негіз етіп, шарттылықта басымдық береді, белгілі бір тұрақты композициялық структурасы болмағандықтан, түрлі драмалық оқиғаларды кіргізе отыра ертегі мазмұны баяндалады.

Жануарлар жайындағы классикалық ертегілердің композициялық негізі – жсануарлар арасындағы кездесулер мен тартыстар болғандықтан ертегілер баяндаулардан горі көбінесе диалогқа құрылады.

Көптеген дүние жүзі халықтарының жсануарлар жайындағы ертегілерінде прозалық баяндаудан өлеңге көшіп отыру жүйе байқалады. Қазақ ертегілерінде мұндаидің әдіс сирек кездеседі және кездесе қалған күнде де орыс ертегілеріндеңіден сапалық жасақынан басқаша болып келеді. "Бес ешкі" атты ертегідегі баяндау мен өлеңнің араласуы батырлық жырға ұқсас: ертегі борандың қалған мал туралы баяндау келе жатып, солардың ішінде құла атты өлеңмен:

Жал-құйрығына қар қатқан,
Қабагын қалып мұз жасапкан,
Әрлі-берлі көп шапқан, –
деп суреттейді де, қайтадан әңгімемен баяндау кетеді.

Мысал ертегілердің жсанрлық мақсатынан туындаштың ерекшелігі –баяндаудың (аполог) белгілі бір моральдық қагида мен тұжырымды дәлелдейтін афоризмді дәлелдеуге қызмет етүінде.

«Арыстан мен тұлқі» ертегісінде кіріспе-баяндауда аң патшасының барлық өмір кезеңдерін елестетіп, ертегіде айтылар ойдан хабар мензеледі.

«Арыстан қартайды. Аңдарды бұрынғысында аулай алмайтын болды. Енді аңдарды айламен аулағысы келді. Өзі үңғірде жатты да:

– Аурумын, журуғе әлім жоқ, – деп, барлық аңдарға хабар таратты.

Аңдар бір-бірлеп арыстанның халіп білуғе келеді. Арыстан аңдардың біреуін де қайтармады. Бәрі де арыстанға жем болды. Бір күні тұлқі келді» [2, 167].

«Жолбарыс пен тілін» ертегісінде жолбарыстың зорлық-зомбылығы да, оған жақсылық жасаған тіліннің әрекеті мен жолбарыстың жалған намысы да баяндау мазмұнында беріледі.

«Арыстан күшігін асыраған мысық» ертегісінде: «Бір мысық қаңғырып жүріп, анасы өліп қалған арыстанның күшігіне кез болады. Мысық күшікті бауырына басып, емізіп асырайды. Арыстан өсіп, азұлы жыртқыш аң болып, өз азығын өзі табатын халға жетеді. Бір күні ашыққан арыстан өзін асыраған мысықты жемек болады. Мысық оның бұл ойын сезін, өрмелеп ағаш басына шығып кетеді.

– О, менің ақ сүтін емізіп асыраушым! Маган сен туған анамдай ыстықсың. Бар қылыштарды үйреткенде, ағашқа өрмелуеді неге үйретпегенсің? – дейді.

Қысылғанда керек болар деғешім еді, – депті сонда мысық» [2, 215].

«Мысық пен қоян» ертегісі ертекшінің баяндауы аясына сыйдырылған қыска қайырымды диалогтар мен ертегі мазмұнынан шығатын тағымды тұжырымымен ерекшеленеді.

«Жаз күнінде мысық пен қоян кез келіп, екеуі сөйлеседі. Қоян айтады: «Екеуміз ажыраспайтын дос болалық», – депті. Сонда мысық айтады: «Олай болса жақсы болды. Менің балаларымды сенің балаларыңың үстінен алып барайық», – дейді. Екеуі балаларын жөнелтіп бірге жатып жүреді. Мысық балаларына күнде кекілік, қырғауыл тістеп әкеліп береді. Қоян шөп-шар берін күн көріп жүріпті. Бір күн мысық бір құсты аңдаусыздан қармап алып, тірідей ұясына алып келеді. Құсты ұшып кетпес үшін қанат, құйрығын қырқып, балаларына береді. Балалары ары-бері жорғалатып ойнап, жемейді. Оны қоян көріп айтады: «Мысықжан, мынау жуас айуан екен, балалардың ішіне қосып қоя тұрып, менің балаларымның көзі ашылғанда осындағы қылыш ойнатайық», – депті. Мысық досының тілін қимай «мақұл» деп қосып қойыпты. Ертесіне екеуі далаға кетіпті. Құс екеуінің балаларын берін тойғанша жеп, қалғанын өлтіріп, кете беріпті. Макал: «Бәрі баласы – ит болмас» [2, 216].

Киял-ғажайып ертегілерінде ертекшілер әңгімесін «ерте уақытта болған» деп ескертте отырып, баяндауы оның қиял мен арманға құрылғандағында ғана емес, сонымен бірге көркемдік сипатынан да хабардар етеді. Қозамның дамуы, адамның рухани әлемінің курделенуі ертегі поэтикасындағы баяндау стилінің мазмұны мен құрылышына да жер етіп отырған.

«Ұшар ханның баласы» атты қиял-ғажайып ертегісінің кіріспе бастамасы ханның бір сұлу қызға ғашық болу мотивінен басталғанымен, бұл мотив әрекетке айналмайды. Әрі қарайғы баяндауда ханның қарапайым тұрмыс құрып, ұлды болғаны, ұлы Жандыбатырдың да керемет батыр болып ескені баяндала келе, тыйымның бұзылуы қырық үйдің қырқыншысының кілтін айламен түсірген баласының пері қызының суретін көрін ғашықтықтан есінен тануы айттылады. Алдағы уақытта шым-шытырық шырғалаң жағдайлардың орын алатындығы осы сюжетке дейінгі жағдайлардың баяндауларынан-ақ мәлім болады. Әрі қарайғы экесі «отыз жыл аспанда, алты жыл жер бетінде дүғамен ұшып ұстай алмай, ақыры болмаған соң, суретін түсіріп алған, содан «Ұшар хан» атанғаны, экесінің қолы жетпеген қызын іздел сапар шегуі, түрлі күш иелерімен күш сынасып достасуы, елге жұт болған айдаһарды өлтіруі, дәу жыланмен, дәумен айқасы, жалмауыз кемпірмен текетіресі т.б. жағдайлар шым-шытырық, қабат-қабат өріліп келіп, әкелі-баланы есінен тандырған пері қызының құдіретін танытады. Әрі кейінкердің өз мақсаты жолындағы табандылығы мен төзімділігі, ержүрек қайсағын айқындау үшін жұмысалады. Осынша оқиға мен құбылысты әрі сенімді, әрі қызығылықты етіп баяндау үшін ертекшігे ертегінің дәстүрлі поэтикалық болмысын жетік менгеруді және құнарлы тіл байлығын итеруді қажет ететіні белгілі.

Бұл сипатты ертегілерде кейінкердің батырлығымен қоса керемет комекшілердің де іс-әрекеті мадақталауды. Ал батырлық ертегілерде батырдың батырлық күші мен қымылы, ерлігі әсерелене берілгенімен, эпикалық кең тыныста асықпай баяндау тән. Тыңдаушының танымдық білімін кеңейтетін руладар мен тайпалардың, тарихи адамдардың аттары атталыт, кейір тарихи оқиғалардың эпизодтары баяндалатын тұстар жісі кездеседі. Бұл жөніндегі С.Қасқабасов былай дейді:

«Батырлық ертегілердің қаңарманың, эпостен байланысы олардың рухы мен сюжеттік оқиғаларының бірлігінде ғана емес, баяндау мәнерінде де. Тіпті әрбір батырлық ертегіде жырға жасақын өлеңмен берілетін эпизодтар кездеседі. Әдетте ол қаңарманың достарымен, не қастарымен айтысатын диалогы болып келеді. Мәселен, қойши бала жүрген алғапқа арнағы ұшыт келген алты қаз Кенебайды былайша іздейді:

Кенебай сал мұнда ма?
Керкүла аты қолда ма?
Еауда нұрды балқи ма?
Балақ жұні шалқи ма?

Кенебай да жасаупты өлең формасында қайтарады. Алайда, ертегілердегі өлеңдік текстер жырға қараганда әлдеқайда қарапайым келеді, бірақ солай бола тұрса да ертегі текстіне өлең жолдарының енгізілуі, оның жыр арқылы баяндалатын қаңарманың эпостен туыстығын тағы бір дәлелдемек» [3, 184].

Новеллалық ертегідегі баяндаулардың барысы үнемі әділдік пен ақылдың жеңісіне құрылым, қарапайым өмірде кездесетін шындық моральдық уағыз арқылы емес, оқиғалардың адам тағдырына әсері арқылы баяндалып, кейде, ертекші баяндауды афоризммен түйеді. Бірақ бұл сирек қолданылады. Себебі ертегінің айттар ойы баяндалып отырған ертегі барысында біртінен белгілі бола береді. Мұның өзі новеллалық ертегілердің қамтитын тақырыптарының молдығына байланысты. Атамыш новеллалық ертегіде өте қызығылықты, қорқынышты сапарлар, шым-шытырық жағдаяттар, адамның қым-қигаш тағдыры, семья өмірі, ерлі-зайыттылардың басынан кешкен оқиғалары, тағы да басқа небір керемет те сүмдік уақыттар туралы баяндалады. Алайда новеллалық ертегілерде қарапайым адамның қадір-қасиетіне ерекше мән беріледі. Мысалы, қарапайым қыз өзінің тапқырлығы арқасында ханға, яғни хан баласына тұрмысқа шыққаны әңгімеленсе, ақыл-парасаттың арқасында ақымақ еректі адам қылған әйел жайлы баяндалады. Новеллалық ертегілердің ішінде елді әділдігімен билеген тұлғалар жөніндегі ертегілерде ертекші баяндаудың күрделі жолын пайдаланады. Себебі, ертекші айттып отырған оқиғасы мен кейінкерінің шындық өмірге қатысын баса көрсетуге мән береді. Сондықтан нақтылы детальдарды кеңірек көрсетуге тырысады. Ертекшінің тыңдаушысын үйтатын оқиғасына негіз болатын жағдайлар шындықта жуық болғанымен, қаңармандардың барлығына да ертегі кейінкерлеріне тән қасиеттер көрінеді. Баршага белгілі даналар мен әділетті басышларға деген аңсау сезімі – адам баласының ежелден келе жсатқан өмірлік мұраты. «Дана төрешилдер туралы ертегілер дүниесі – елдің бәрі ақыл мен алғырлықта бас иетін, даналық пен әділдік салтанат құрып, даныштаның дәлім халық құрметтіне боленетін қозам, сондай заман туралы қиял дүниесі, халық утопиясы. Мұның бірі бұл жсандроң табиғаты мен көркемдік нысанасынан тұған деп ойлау керек, өйткені егер бұрынғы батырлық және қиял-ғажайып ертегілерде басты мақсат – кейінкерді мадақтау болса, новеллалық ертегіде кейінкер арқылы өмірдегі кемшиліктерді сыйна – негізгі шарт болып отыр. Егер бұрын халық идеалы дәріптелін, әлеуметтік мәселе қозғалмаса, енді ол бірінші орынга қойылады», – дейді бұл жөнінде С.А.Қасқабасов [3, 194].

«Ақылды қыз бен тапқыр жігіт» атты новеллалық ертегіде ақыл мен парасаттың үстемдіғі паш етіледі. «Әкесі қайтыс болып, артында аса көрікті, ақылды жалғыз қызы мен мыңғырған малы қалғанға қызықкан небір бай-манап пен би, болыстар өзара таласып, қыз аулына құдалыққа келіп, апталап, айлап жатып алады. Бұлардан құтылғысы келген қыз еліне қадірлі бар казылар мен ақсақалдарды жинап: «Сендер көпсіндер, мен жалғызыбын. Мен екі жұмбақтың шешуін тапқан жігіт маған да, анау өріс толы малға да ие болады. Менің ордама тек жұмбақты шешемін деғендерға кіреді. Жұмбақты шеше алмағандар киімін

шешін, үстіне бал жағып, тауыктың жұніне аунаиды. Сол бетімен атын осында тастап, еліне жаяу кайтады» [4] деп талап қойғанда, ешкім де бұл талаптан шыға алмай, масқара болады. Тек ақылды жас жігіт қана бие сауым уақыт ішінде қыздың екі жұмбағын да дұрыс шешін, оның жүргеғін жаурайды.

Новеллалық ертегінің жсанарлық мақсатынан туындастынын өзіндік стиліне келсек: енді бұрынғы эпикалық пафостың орнына жай баяндау, гажайытыны түрде әсірелеудің орнына көркем түрде сынау тән болады. Шынышылдықпен бірге сыни сапасы да артады, өмірдегі кез-келген жағымсыз қылыштар, мінездер, мәселен, өзінен әлсіздер мен кедей-кепшіктеге үстемдік жүргізуі бай, би, молда, қожса, қажы, саудагер сияқтылар мен өмірде кездесетін алдау, өтірік айту, ұрлау тәрізді жағымсыз қылыштар сыйналып, мінеліп қана қоймай, нақтылы іс-әрекет үстінде түбегейлі жеңіліске ұшыраған болып суреттеледі.

Яғни, бұл көлтірілген мысалдардың барлығы да ертегі поэтикасындағы баяндау стилінің алуан түрлі қызметі мен мағыналық мәнін айқындаиды.

ӘДЕБІЕТ

- [1] Бабалар сөзі. Жұзтомдық. 75-том: Батырлық ертегілер. – Астана: Фолиант, 2011. – 353 б.
- [2] Бабалар сөзі. Жұзтомдық. 73-том: Хайуанаттар жайлы ертегілер. – Астана: Фолиант, 2011. – 346 б.
- [3] Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. –Алматы: Гылым, 1984. – 272 б.
- [4] РМК Орталық ғылыми кітапхана. Қолжазба және сирек басылымдар қорындағы 111-бума.

REFERENCES

- [1] Word of ancestors. 100 volumes. 75 V.: The heroic fairy tales. Foliant, 2011, 353 p. (in Kaz.).
- [2] Word of ancestors. 100 volumes. 73 V.: The fairy tales about animals, 2011, 346 p. (in Kaz.).
- [3] Kaskabasov S. Kazakh folklore prose, 1984, 272 p. (in Kaz.).
- [4] RMK The Central Scientific Library. The fund of rare books and manuscripts. 111 folder. (in Kaz.).

УДК 821. 512. 122.09: 398

ПОВЕСТВОВАТЕЛЬНАЯ ФУНКЦИЯ В ПОЭТИКЕ СКАЗКИ

П.Т.Ауесбаева

Институт литературы и искусства им.М.О.Ауэзова

Ключевые слова: сказка, поэтика, повествования, жанр, герой.

Аннотация. В предлагаемой статье раскрываются грани художественного метода повествования в поэтике сказок относительно каждого жанрового вида сказок. Роль повествования в сказках из числа прозаических жанров художественного фольклора также требует специального рассмотрения, потому что, во-первых, характер самого повествования до того, как описывается когда, где, как появился на свет главный персонаж, имеет отдельное значение. Во-вторых, иногда не бывает вступительной части. Сразу после первых предложений сказки начинаются сами события. Во время непосредственного перехода от вступления к основной части повествования используются такие выражения, как «однажды», «в один миг», «в один из дней». Иногда рассказчик, сказитель, через паузу, другую интонацию дает понять, что начинается основная часть повествования. При этом кажется, что он как бы непосредственно присутствует в гуще событий, происходящих в сказке, показывает кульминацию этих событий. Порой, когда рассказчик представляет себя как участника событий, он повествует от первого лица и возлагает на себя функции персонажа. Таким образом, он лично ощущает различные эстетические и психологические переживания.

Поступила 25.04.2016 г.